

«Отбасы-алтын дiңгек»

1993 жылы Бiрiккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының шешiммен 15 мамыр Халықаралық отбасы күнi деп бекiтiлген болатын. Ал, 1994 жылы Отбасы күнi алғаш рет аталып өтiлдi. Отбасы - сүйiспеншiлiктiң, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның дiңгегi. Отбасының аман-саулығы-әрбiр елдiң дамуы мен келешегiнiң өлшемі.

Осы атаулы күнге орай кiтапханамыздың оқу залы бөлiмiнде жанұялық құндылықтарды нығайту, өскелең ұрпақты болашаққа нық сенiммен тәрбиелеу мақсатында «Отбасы-алтын дiңгек» атты кiтап көрмесi ұйымдастырылды. Көрмеге қойылған кiтаптардың iшiнде Елжас Ертайұлының «Баланы жазасыз тәрбиеле», Амангелдi Ертуғанұлы «Өмiр туралы қағидалар», Ш.Мұқан «Отбасы» атты кiтаптарымен қатар, бала тәрбиесiне арналған тұңғыш саммари кiтап «Ата-ана болу да өнер», ата-ананың қадiрiн бiлдiретiн Ә.Алымуддинұлының «Жұмақтың кiлтi жанында» Ф. Бизақова «Отбасылық дағдарыс психологиясы», Даниел Сигелдiң «Ақылды бала» әдебиеттер топтамасы ұсынылды. Отбасындағы шаңырақтың керегесi кең, мықты болуын, ойлаған ата-аналарымыз аман болсын! Әрбiр отбасында қайғы-қасiрет, дерт болмасын! Ананың жүрегiнен жылулық, әрбiр баланың жүзiнен күлкi кетпесiн!



